



Суретті түсірген Жұматай МҰСАБЕКОВ

# АЛАТАУДАН, АРҚАДАН

## АҚЫНДАРЫМ КЕЛІПСІН

Дауылпаз жырдың дүлдүлі, балта тілді Бақтыбай ақынның рухы асқақтаған күн болды. Жетісудың жерінде, Талдықорғанның төрінде жұманың таңында бастаған рухани басқосу сенбінің кешінде бір-ақ аяқталды. Бірінші күні өткен мерейтойлық конференцияда ақпа ақын, сырлы күйші, әуезді әнші Бақтыбайдың өмірі мен шығармашылық әлемінен сыр шерткен аға буын жиналған жұртты тың дерек, тағылымды дүниеге қанықтырды. Ал сенбі күні Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында суырыпсалма ақындардың додасы өтіп, төл өнерін төрге оздырған рухани кешке куә болдық.

Жұматай ӘМІРЕ

Әуелі Арқада туып, Алаш аспанын рухты жырымен тербетіп, кешегі сал-серілердің сарқытындай үкілі домбырасын қолға алып, айтыс аламында сан мәрте топ жарған Аманжол Әлтай сахнаға шығып, сөз бастады. Төл өнерімізге төрден орын берген жетісулық ағайынға ақ тілегін арнап, бұл өңірдің ежелден-ақ ақпа жырдың ақ бұлағына айналғанын атап өтті. «Тон – жағасыз, ел – ағасыз болмайды» деген аталы сөзді алға тартып, айтыстың беташар сөзін облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетовке ұсынды. Айтысты асыға күтіп отырған ағайынның уақытын алмай сөз түйінін айтқан Диас Рахметұлы аламанға арнайы келген, сонау кеңестік дәуірде телевизиялық айтыстан бастап, тәуелсіздік жылдары бабадан қалған байырғы

өнеріміздің көшін сүйреп, айтыстың шырақшысына айналған Жүрсін Ерман ағамыздың иығына Жетісу жұртының атынан шапан жауып, құрмет көрсетті. Айта кетейік, айтыс соңында дәл осындай құрмет айтыскер ақын, ұлағатты ұстаз, бұл күнде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтайға да жасалып, иығына шапан жапты.

*Алатаудан, Арқадан  
Ақындарым келіпсін.  
Тілдерінен бал тамған  
Жақындарым келіпсін.  
Ертіс, Еділ, Іле, Сыр  
Бас қосқалы келіпсін.  
Жүрген жері думан жыр,  
Сендер елге көріксің, —* деп жырлаған жыр алыбы Жамбыл бабамыздың сөзі ақиқатқа айналды. Бұл жолғы айтыс аламына Ертіс, Еділ, Іле, Сыр ғана емес, Алатаудың баурайын бірге жайлаған, Шу мен Талас бойында желіге құлын байлаған айырқалпақты ағайындар да жыр жүйріктерін үкілеп жіберген екен. Қырғыздан келген қос

ақын мен еліміздің әр аймағынан Бақтыбай ақынның жыр ғұмырын тіліне тиек еткен он ақын айтыстың көрігін қыздырды. Театрдың көрермен залында ине шаншар орын болмады. Тіпті, адамдар жүретін баспалдаққа сығылыса отырған көрерменге қарап, төл өнерімізді сағынып қана қоймай, жаны шөлдеп қалғанын байқадық. Театр ғимаратының сыртында есік қағып, терезе тақылдатып жүрген жүздеген көрерменді де байқадық. Кеңдік танытып есікті ашып жібергенімен көрермен залында бес адам кіре қоятын орын жоқ еді. Айтса айтқандай-ақ, таңнан басталған айтыс түн қараңғылана аяқталды. Түскі үзілістен кейін де зал тола жиналған жұрт соңына дейін жыр кәусарына шөл қандырып, бір жырғап қалды.

Жалпы Жетісу жұрты той көрмей жүрген жоқ. Асылдарын ардақтап, аруағын аунатуда алдына жан салмайды. Батырлары мен ақындары, билері мен шешендері, көш бастаған көсемдері ескерусіз қалып жатқан жоқ.

Бақтыбай ақын да дәріптелмей жатқан жоқ. Өртүрлі деңгейде аты аталып, жыры насихатталып жүр. Қос ішекті домбыраның пернесінде жорғалап, шаңағынан төгілген күйлері мен әуендері арнайы нотаға түсіріліп, тасқа түскен таңбадай қатталып жатыр. Мұның өзі жыр жүйрігінің асыл мұрасы ұлт қоржынында рухани қазына болып сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретінінің айқын дәлелі.

Әлкисса, Бақтыбай ақынның рухын асқақтатқан жыр додасында шырайлы Шығыстың дүлдүлі, Абай елінің жүйрігі Рүстем Қайыртай бас жүлдені еншіледі. Ал көршілес қырғыз ағайындардың елінен келген Ахматбек Сұлтанұлы 1-орынды иеленді. 2-орын жетісулық жүйрік Дидар Өмірәлі мен Қарағандының кара жорғасы Мақсат Акановқа бұйырды. Жүлделі 3-орынды Сыр сүлейлерінің жалғасы Ержан Әміров пен қоржынның қос басындай жарасқан қырғыз ақыны Изат Айдарқұловаға берді.

### ● ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ



## БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС БЕРЕКЕЛІ

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас САПАРБЕКОВ облыс тұрғындарымен, бизнес қауымдастығымен кездесті.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Вице-министр өнеркәсіп пен индустриалды-инновациялық даму салаларына жетекшілік ететінін айтып, атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Цифрландыру мәселесіне баса назар аударып, келер жылы іске қосылатын цифрлық платформа бойынша атқарылған жұмыстарды тілге тиек етті.

Кездесу барысында қатысушылар отандық тауар өндірушілердің тендерге қатысу, отандық тауар өндірушілер реестріне енгізу, энергия тасымалдаушыларға тарифтерді көтеру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және басқа да мәселелер бойынша өзекті сұрақтар қойды. «Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын және «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығын дамыту мәселелері де кеңінен талқыланды.

Олжас Сапарбеков қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, айтылған ұсыныстарды әзірлеу үшін бірігіп еңбек етуді ұсынды.

Вице-министр жұмыс сапары аясында компанияның қызметімен танысу үшін «ASMA INDUSTRIAL ЖК» ЖШС-не арнайы барды.

### БАСПАСӨЗ – 2026

## Құрметті оқырман!

«Jetisy» газетінің 2026 жылдың бірінші жарты жылдығындағы Қазпошта АҚ арқылы жазылу бағасы:

| Жазылушылар                                               | Индексі | 6 айға   |         | 12 айға  |          |
|-----------------------------------------------------------|---------|----------|---------|----------|----------|
|                                                           |         | қала     | ауыл    | қала     | ауыл     |
| Заңды тұлғалар үшін                                       | 15469   | 8223,12  | 8223,12 | 16446,24 | 16446,24 |
| Заңды тұлғалар үшін (мемлекеттік сатып алу портал арқылы) | 15469   | 11510,64 | —       | 23021,28 | —        |
| Зейнеткерлер үшін                                         | 35469   | 5879,52  | 5879,52 | 11759,04 | 11759,04 |
| Жалпы жеке жазылу                                         | 65469   | 6333,12  | 6333,12 | 12666,24 | 12666,24 |

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisy» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз.

Редакцияға келіп балама жазылу:

| №  | Жазылушылар         | 6 айға | 12 айға |
|----|---------------------|--------|---------|
| 1. | Заңды тұлғалар үшін | 5400   | 10800   |
| 2. | Зейнеткерлер үшін   | 3000   | 6000    |
| 3. | Жалпы жеке жазылу   | 3700   | 7400    |

«Jetisy»-дың электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

| №  | Жазылушылар         | 6 айға | 12 айға |
|----|---------------------|--------|---------|
| 1. | Заңды тұлғалар үшін | 5000   | 10000   |
| 2. | Зейнеткерлер үшін   | 2500   | 5000    |
| 3. | Жалпы жеке жазылу   | 3100   | 6200    |



Kасpi QR



ГАЗЕТКЕ KASPI QR АРҚЫЛЫ  
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

Аймақтың тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болып, сан саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, қоғамды ғана емес, өзіңізді толғандырған сауалдарға жауап іздесеңіз, өнер өрісі мен әдебиет әлеміне қызықсаңыз, тамыры терең тарихымыздан нәр алуды ойласаңыз облысымыздың төл басылымы, қазақ баспасөзінің атасы «Jetisy» газетіне жазылыңыз. Ол үшін «Қазпошта» АҚ арқылы немесе газет редакциясынан жазылып, қолдау көрсетіңіздер.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуыңызға болады:

8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909.



ЖАЙДАРМАН

АЛТЫ АУЫЛҒА  
ГАЗ БЕРІЛДІ

Ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсарту – мемлекеттің басым саясаты. Сол саясаттың оңтайлы жүзеге асып жатқанын Жетісу өңірінен аңғару аса қиын емес. Қазақтың қара шаңырағындағы ағайынның қаладан кем өмір сүрмесіне бар жағдай жасалуда. Өңірдің көп ауылында «отымен кіріп, күлімен шығатын» ағайын азайды. Көгілдір отын көпшіліктің қолын ұзартуда. Енді сол қатарда Кербұлақ ауданының 6 ауылы бар.

Дастанбек САДЫҚ

Өткен апта соңында Қызылжар, Қызылмектеп, Майтөбе, Шилісу, Шоқан және Амангелді елді мекендері газ желісіне қосылды. Жергілікті әкімдіктің сөзіне сенсек, шамамен 5 мыңнан аса тұрғын қыста от жағу машақатынан құтылды. Тұрғындардың қуанышты сәтіне аудан әкімінің міндетін атқарушы Жанат Жүнісбеков, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Айбек Ергали қуа болды.

Салтанатты шарада сөз тізгінін тартқан Айдос Бекетаев облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың газдандыру жұмыстарын тікелей бақылауда ұстап отырға-

нын атап өтті. Айтуынша, бұған дейін Кербұлақ ауданында көгілдір отын Сарыөзек пен Жоламан ауылдарына ғана берілген еді. Енді газ ауданның бірден алты жаңа елді мекеніне жетті. Тағы бірнеше ауылда құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталған. Қоғалы, Қарағаш, Қаспан, Байғазы, Жаңалық, Шаған, Көкбастау және Қайнарлы ауылдарында құрылыс жалғасуда. Ал 2025 жылдың соңына дейін газ аудан бойынша газдандыруға жататын 26 елді мекенге жеткізіледі. Сонымен қатар халықтың өтініші бойынша тағы алты ауылдың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірлену үстінде. Бұл ауылдардың газдандырылуы 2026 жылға жоспарланған. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы облыстағы етженді жұмыстарға да тоқталды. Айтуынша, «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ


құбырының құрылысы аяқталып, үш ауданға бірден газ беруге мүмкіндік жасалды. Бүгінде өңірде 108 елді мекен (62%) газдандырылған, ал жыл соңына дейін тағы 18 ауыл қосылып, көрсеткіш 74%-ға жетеді. Тағы 84 елді мекен бойынша жобалық-сметалық құжаттама дайындалуда. Сараптама қорытындысы алынғаннан кейін құрылыс басталады. 2027 жылдың соңына қарай газдандыру деңгейі 94%-ға дейін өсуі тиіс.

Қызылжар ауылының тұрғындары игілікті істі зор қуанышпен қабылдады. Ауыл тұрғыны Күләш Байсейітова көмір машақатынан құтылып, «қалалық тұрмысқа» бір табан жақындағанын жеткізді.

– Біз өмір бойы пеш жақтық. Әр жылы 6-7 тонна көмір алатынбыз. Бұл өте қиын. Бәрін тасып, үйіп, күлін шығару керек. Енді бізде газ болады. Сарыөзектегі адамдардың газбен қалай жайлы өмір сүретінін көріп, өзіміз де соны армандадық. Бүгін бүкіл ауылдың арманы орындалды, – деді ол.

Салтанатты шарада құзырлылар тұрғындарға үйлерді газға қосу тәртібі, қажетті құжаттар, шарттар мен бағалар жайлы егжей-тегжейлі түсіндірді. Техникалық шарттарды алу толықтай тегін екенін, ал құбыр ұзындығы 25 метрге дейін болса, қосылу құны (қазандық пен қосымша бөлшектерді есептегенде) 180 000 теңгеден аспайтыны айтылды. Сонымен қатар газ пештерін «Жетысугазсервис» кәсіпорны арқылы пайызсыз әрі бөліп төлеу мүмкіндігі бар екені хабарланды.

Кербұлақ ауданы



Өткен сейсенбіде облыс прокуроры Бауыржан Жұмаханов Панфилов ауданының тұрғындарымен аудандық әкімдіктің жиынжайында жүздесті. Бұл басқосуға облыс, аудан құқық қорғау органдарының басшылары мен жауапты қызметкерлері, кеден, шекара бастықтары қатысты. Аймаққа жуырма тағайындалған прокурорды аудан әкімі Марат Сағымбек жиынға қатысушыларға таныстырды.

ПРОКУРОРМЕН  
КЕЗДЕСТІ

Кездесуде облыс прокуроры Бауыржан Альбертұлы бұл кездесудің басты максаттары жөнінде айта келіп, аудан тұрғындары заңдылықты сақтай отырып, бірнеше маңызды мәселеге ерекше назар аудару қажеттігін қадап айтты. Оның алғашқысы – өңірде есірткі заттарын пайдалануға жол бермеудің амалдарын барынша қатан қадағалауды құқық қорғау орындарының басшылары мен кеден, шекара қызметкерлеріне тапсырды. Сол сияқты қазіргі таңда өріс алған алаяқтықтан, әсіресе интернет желілері арқылы қарапайым халықты алдап соғып жүргендерден

аудан тұрғындарын барынша сақтандыру шараларын күшейту, оларға алданған жандардың орынсыз арланып, намыстанып, бойкүйездікке бой алдырмай аудан прокурорына, аудандық ішкі істер бөлімінің жауапты қызметкерлеріне шағымдануды сұрады. Басқа да мәселелерге тоқталды.

Жиында аудан прокуроры Бауыржан Тойбаев есепті мерзімде атқарылған жұмыстар мен құқықбұзушылық ахуалы жөнінде баяндама жасады. Өңірде өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда қылмыс саны жалпы 9 пайыз төмендеп, 243-тен 236-ға дейін кеміген. Дегенмен кейбір қылмыс түрлерінің көрсеткіштері төмендемей тұр. Атап айтқанда денсаулыққа қасақана зиян келтіру фактілері 80 пайыз, интернет алаяқтық 65 пайыз, отбасындағы тұрмыстық қылмыс 35 пайыз, зорлық-зомбылық, тағы басқа ауыр қылмыстар айтарлықтай өскен. Қылмыс жасаудың алдын алу бағытында атқарылған іс-шаралар да біршама. Өсіресе жастар арасындағы профилактикалық жұмыстар жандандырылыпты. Аудандағы бірқатар оқу ошақтарында жасөспірімдермен кездесулер ұйымдастырылып, жастарға түсіндіру шаралары жасалған.

Кездесу барысында тағы басқа да маңызды мәселелер айтылды. Облыс прокуроры «Еңбек» кәсіпорнындағы жұмысшылардың жалақысын төлемеу фактісі бойынша талдау жасап, еңбекақының әлі төленбеген бөлігін осы айдың соңына дейін өндіруді кездесуге қатысып отырған құқық қорғау органдарының басшылығына тапсырды. Облыс прокуроры кездесуден кейін өзіне өтініш, шағым айту үшін алдын ала кезекке жазылған азаматтарды жеке-жеке қабылдады.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ  
Панфилов ауданы

ӨЗЕКТІ

САЛЫҚ және КӘСІП

Жетісуда шағын және орта бизнес үшін салық жүктемесін төмендету қарастырылуда.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

«Атамекен» кәсіпкерлерінің өңірлік төлемақысы мен «Біз – бірге күштіміз» кәсіпкерлер қауымдастығы мүшелерін алға тартатын облыстың бизнес-қоғамдастығы салық режимінің мөлшерлемесін 4% -дан 2% -ға дейін төмендетуге қол жеткізуде. Кәсіпкерлер өз ұстанымдарын Талдықорған қалалық мәслихатының отырысында айтты. Салық жүктемесін төмендетуге қол жеткізе отырып, егер билік кәсіпкерлердің тілектеріне құлақ асса, сол арқылы заңсыз субъектілердің «көленкеден» шығуына ықпал ететінін дәлелдеді. Кәсіпкерлікті заңдастырумен аймақта жаңа нысандар ашылып, тиісінше жаңа жұмыс орындары құрылатын болады. Бизнес-қоғамдастық өкілдерінің айтуынша, кәсіпкерлер айналым қаражатының басым бөлігін өз дамуына бағыттай алады. Кәсіптің тұрақты дамуы – бұл аймақ экономикасының өсуіне жол ашады.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оналбаев салық жүктемесі шағын және орта бизнес субъектілері үшін әлі де аса маңызды мәселе болып қалатынын алға тартты. Әсіресе, қызмет көрсету, сауда және өндіріс саласында жұмыс істейтін шағын және өте шағын кәсіпорындар үшін бұл өзекті.

Сондай-ақ, бұған дейін жергілікті атқарушы органдар жеке табыс және корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін 4%-дан 2%-ға дейін төмендету туралы уақытылы шешім қабылдағаны назарға алынды. Бұл іскерлік белсенділікке оң әсерін тигізді. Атап айтқанда, кәсіпкерлердің бизнесті жүргізудің заңды түрлеріне көшуі өсті, халықтың жұмыспен қамтылуы ұлғайды, жергілікті бюджетке салық түсімдері артты. Мәслихаттардың осы мәселе бойынша шешімдері биылғы 1 желтоқсанға дейін қабылдануы тиіс.

– Оң шешім қабылдау нақты қолдау шарасына айналады және аймақта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды, – дейді салалық сауда кеңесінің төрағасы, «Біз – бірге күштіміз» кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Эдиль Казакпаев.

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті, экономика және бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімдерінің баяндамалары ескеріле отырып, салық мөлшерлемесін 4%-дан 2%-ға дейін төмендету мәселесін реттеу бойынша рәсімдерді бастау туралы шешім қабылданды.

Кездесу соңында бірқатар белсенді қатысушыларға қаланың әлеуметтік-экономикалық өсуіне және кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін Талдықорған қалалық мәслихатының Алғыс хаттары табыс етілді.

ЖОБА

Ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құны  
субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің  
тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 27-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы №339 «Ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №213889 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесі бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| Облыс әкімі                                                | Б. ИСАБАЕВ |
|------------------------------------------------------------|------------|
| Облысы әкімдігінің 2025 жылғы<br>№ _____ қаулысына қосымша |            |

Ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын  
сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесі

| № | Аудандар, қалалар бойынша объектілердің атауы            |
|---|----------------------------------------------------------|
|   | Текелі қаласы                                            |
| 1 | «Текелі Су құбыры» су шаруашылығы ұйымы                  |
|   | Сарқан ауданы                                            |
| 2 | «Сарқан Су құбыры» су шаруашылығы ұйымы                  |
|   | Қаратал ауданы                                           |
| 3 | «Қаратал таза су» су шаруашылығы ұйымы (Көпбірлік ауылы) |
| 4 | «Қаратал таза су» су шаруашылығы ұйымы (Қаракұм ауылы)   |

«Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су  
айдындарының тізбесін бекіту туралы» Жетісу облысы  
әкімдігінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі №103 қаулысына өзгеріс  
енгізу туралы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекіту туралы» Жетісу облысының әкімдігінің 2025 жылғы 08 сәуірдегі №103 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №209159 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

- көрсетілген қаулымен бекітілген Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесінен 29-тармақ алынып тасталсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| Облыс әкімі | Б. ИСАБАЕВ |
|-------------|------------|
|             |            |

Жетісу облысының сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне  
енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген  
ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін  
бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Су кодексінің» 26-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы №306 «Ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №213665 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Жетісу облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жетісу облысының сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері бекітілсін.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін (келісім бойынша).
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| Облыстық мәслихаттың<br>төрағасы | Г. ТОЙЛЫБАЕВА |
|----------------------------------|---------------|
|                                  |               |

Облыстық мәслихаттың 2025 жылғы  
№ \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша

Жетісу облысының сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне  
енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір  
текше метрі үшін төлемақы мөлшері

| №                 | Аудан атаулары     | Су тг/м3 |
|-------------------|--------------------|----------|
| 1                 | Ескелді ауданы     | 119,08   |
| 2                 | Кербұлақ ауданы    | 109,74   |
| 3                 | Текелі қаласы      | 78,344   |
| 4                 | Сарқан ауданы      | 131,88   |
| 5                 | Көксу ауданы       | 125,25   |
| 6                 | Ақсу ауданы        | 148,58   |
| 7                 | Алакөл ауданы      | 134,14   |
| 8                 | Қаратал ауданы     | 170,00   |
| 9                 | Панфилов ауданы    | 100,8    |
| 10                | Талдықорған қаласы | 83,78    |
| Орта тариф өлшемі |                    | 120,16   |

Төлем мөлшері – 120,16 тг/м³.  
Текелі қаласы бойынша күтілетін субсидия көлемін есептеу мысалы:  
Субсидия көлемі келесі формула бойынша есептеледі:  
S= V\*T\*R, = 162 391 м³\*78,34 тг/м³\*53,38% = 6 790 849 тг/айына.  
V - субсидияланған судың жылдық көлемі = 29 742 (адам)\*182л/тәу\*30дн = 162 391 м³.  
R (субсидия көлемі) = (Т-Р)/Т\*100 = (78,34-120,16)/78,34\*100 = 53,38%.  
Халықтың ауызсу тұтынуы бойынша жылдық субсидиялар қорытындысында сумен жабдықтаушы ұйымға күтілетін қаржыландыру көлемі **81 490** мың теңгені құрайды, бұл көрсеткіш көрсетілетін қызметтердің жылдық шығындарының (228 389 мың теңге болған жағдайда) 35,6% өтемақысы мен азаюын қамтамасыз етеді.



# ЖАСАНДЫ САНА ҺӘМ ЖУРНАЛИСТИКА:

провинциялықтар қатысқан «Римдік талқы»



Сеніңіз, мейлі сенбеңіз, сансыз нан таппайтын дәуірдеміз. Сандырақ-тады деменіз, цифрмен таң атырып, цифрмен кеш батырамыз. «Өмірдің өзі есеп» деуші ме еді?! Дәл солай, алгоритм мен арифметиканың дәуірлеген тұсында тұрмысты тек жер жыртумен, мал бағумен өткіземін деу қисынсыз. Қараңыз, күнге емес, минутына миллиондап тапқандар маңдайы терлеп, күнге қақталып егін еккендер емес. ІТ салада жаңалық ашқандар, сандық әлемнің «егісін» егін, «төрт түлігін» көбейткендер. ІТ көші АІ ауылына бағыт алды қазір. Мидың қатпарын тұрмыс алғышарттарымен шаршатпай, жасауы керек дүниені жасанды санаға сала салсаңыз есебін де, жоспарын да, тәуекелі мен мүмкіндігін толық даярлап береді. Есеп қана емес, цифрлы зерде өлең де шығарады, ән айтып, би де билетеді. Осындай сәтте жарғақ құлағы жастыққа тимейтін журналистиканың да жырақ жүрмесі мәлім. Жуырда тынысы жазуға, сөйлеуге, ақпарат беруге негізделген саланың өкілдерін «Ұлтқа қызмет ету – медиа миссиясы» тақырыбымен «Astana Media Week» Елорда төріне жиды. Мақсат – жасанды интеллект мүмкіндіктерін журналистикаға енгізу, сандық төңкерістің игілігін көрсету.

Дастанбек САДЫҚ

Хош, көптен қалмайық, мүмкіндікті мүмкіндікке жалғайық деген ниетпен Арқа төріне біз де ұмтылдық. Тәжірибе мен тәлім арудан қай тілші қағылыпты?! Әрі «Jetisy Медиа» құрылымының басшысы қаламды қару еткен тілшілердің қашан да қанатын қомдап жүреді, қолдап жүреді. Мұны да айтпай өтуге болмас. «Тойдың болғанынан боладысы» қызық деген. Алғашқы күннен жаңашылдыққа басталғандай. Әрбір жиын спикерлеріне тіке сұрақ қою жоқ. Арнайы Qr-код арқылы жолданады. Бұл бұған дейін де жиындарда қолданылып жүрген әдіс дегенмен сөйлеушінің сөзін бөлмеуге жасалған жағдай.

Бірақ, «Ақиқат – пікірталаста айшықталады» дегенді ұйымдастырушылар ұмытса керек. Мұндай жиындар қатысушы мен ақыл-ойымен бөлісуші арасындағы диалог нәтижесінде өтіп, тәжірибе алмасу үдерісінде өрбігені абзал. Әлкисса, жиын орайластырғандай үш күнге созылды. 20-ға жуық пленарлық отырыс пен тәжірибе аланы ұйымдастырылды. Алғашқы жиында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды. Хатты оқыған ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқаков пікір алаңында жалған ақпаратпен күресте жасанды сана мүмкіндіктерінің аз, сандық технология әлі де бұл тұрғыда әлсіз екенін, бұқараның сеніміне селкеу түсірмеуде кәсіби журналистердің еңбегі зор екенін тілге тиек етті. Елімізде жасанды зерде мүмкіндіктерін пайдалану тұрғысында Заң жобасы Парламенттің қарауына беріл-

генін де атап өтті. Алғашқы жиында «Euronews» телеарнасының халықаралық тілшілері Боян Бркий пен Денис Локтье құнды пікірімен бөлісті. Д. Локтьенің сөзіне сенсек, жасанды интеллектің қазіргі мүмкіндігі зор болғанымен журналистиканы алмастыра алмайды. Былай айтқанда, журналист тек ақпарат таратушы емес, оқиға орнындағы сезімді, «табиғатты» жеткізуші. Құр жеткізбейді, қалай болғанда да ішкі тебіренісін де білдіреді. Ал сандар мен есептерге жүгінетін компьютер сезімнен ада. Боян Бркий компьютерлік зердені жылдап ақпар таратуға қолдануға болатынын, бірақ ондағы мәліметтерге бірнеше мәрте тексеріс жүргізу керектігін жеткізді. АІ-дың өтірік дәлел мен дәйекке сүйенетінін, оның жұмыс істеу алгоритмі есепке негізделгенін, қойылған сауалға орай қорындағы ақпаратқа сәйкес жауап беретіні көп мінберде айтылып жүр. Қарашаш пен Жиреншенің ортасындағы «Бір жол бар алыс, алыс та болса жақын, бір жол бар жақын, жақын да болса алыс» деген әңгіме есіңізде ме? Сол сықылды жасанды интеллект алыста болса жақын жолды таңдай ма, жақында болса алыс жолды таңдайды ма, жұмыс істеу алгоритміне әрі қойылған сауалға байланысты. Д. Локтьенің: «Жасанды интеллект желідегі жалған жаңалыққа өтірік ой қосып беретіні бар. Ал оны зерделеуіміз зиян, оқырмандардың сеніміне селкеу түсірміз», – деді. Мұндай ойды «Жетінші арна» телеарнасының бас директоры Илхам Ибрагимов те қуаттады. Айтуынша, жасанды зердедегі ақпараттың 20 пайызы жалған. «Егер сіз бір ақпаратты бірнеше АІ-дан сұрасаңыз, олар бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі мәлімет береді», – деп халықтың сенімін жоғалтпауда журналистердің рөлі зор екенін, жасанды сана көмекші құрал ғана екенін дәйектеді. Келесі пленарлық отырыстың ауаны мемлекеттік ыәм ұлттық мүддеге жұмыс істеу төңіре-

гінде өрбіді. Жоғарыда айтқанымыздай АІ-да сезім, мінез деген жоқ. Оны қолданушы адам. Ал адам көмекші құралды жетекшіге айналдырмау, қолдану барысында әрбір қадамға ұлттық мүдде мен мемлекетшілік тұрғысынан қарау керектігі сөз болды. «Atameken Business» телеарнасының бас директоры Қанат Сахариянов жасанды интеллектінің көмегін пайдаланғанда ойды сараптау қажеттігіне тоқталса, келесі жиындарда ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, «Qazaqstan» телеарнасының директоры Болат Мүрсәлім, Алматы қаласынан «Alatau Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлылар тілшілердің жұмысындағы жасанды зердені пайдалану бойынша арнайы ереже қажет екенін, тіпті ережені еліміздің әрбір редакциясы бірлесіп жасақтау керектігін алға тартты.

Мұндай форумдардың мақсаты – тәжірибе аланына айналу. Айналдырып келгенде, келген жұрт іліп алар дүние іздейді. Дейтұрғанмен, бұл форумда жалқыдан гөрі жалпы тақырып көп қозғалды. Биология сабағындағы «ІТ бар, иттің үстінде бит бар, биттің құрылысы мынадай» дегендей талқысыз, тек баяндау үрдісін қолданды. Мәселен, өңірден келген журналистке не пайдалы? «Мақала жазу, телеарнаға сюжет даярлау, газет дизайнын жасау, көгілдір экранға бағдарлама даярлау, оқырманға тұшымды ақпарат беру барысында АІ технологияларын қалай пайдалануға болады» деген сауалға ешкім түсіндірме жүргізбеді. Өңірдегі журналистика туралы жақ ашылмағаны да қиын. «Барлық жол Римге апарайды» дегенмен, өңірдегі журналистика ірі агломерациялардағыдай қажеттіліктің бәріне қол жеткізіп отырмағанын, «шектелуі мүмкіндігін», соған қарамастан қатардан қалмауға тырысып жатқанын сараптағандар да болмады. Жалпы, жасанды интеллектің «жілігін шағып, майын тамызатын» ІТ мамандар неге шақырылмаған? «Торғай сойса да қасапшы сойсын» дегенді біз қашан ескерер екенбіз? АІ-дың неліктен 20 пайыз жалған сөйлейтінін, жасанды зердедегі қазақша ақпараттық қорды «жалған дәйексіз» тоқтыру, қоғамның жасанды сананы қолданудағы тәуекелдері мен қаупі турасындағы сұрақтарға «ІТ қасапшы» жауап бергені абзал-тын.

Форумның тақырыбы – «Ұлтқа қызмет ету – медиа миссиясы». Қазақ медиясы, қазақстандық басылымдар, оның үстіне аймақтардың басылымдары бұл миссиядан айныған емес. Айнымайды да. Әлеуметтік желіде «баспасөзге жазылудағы қиындықтар туралы, монополист мекеменің әрекеті турасында айтылса» деген ой болған. Форумда бой көрсеткен өңір-өңірдің басылымдарына басшылық қылып жүргендердің де «ай-қабы» сол болды. Бірақ, «бәлду-бәлду – бәрі өтірік» дегендей жақ ашылмады, сөз болмады. Бәлкі, ұйымдастырушылар мен форум жетекшілерінде өңір басылымдарының «ұлтқа қызметіне» шүбәсі бар болар. Бірақ, сол басылымда жүргендер өз миссиясынан айнымайды. Біздің «Римдегілер» провинциялардағы ақуалды көзбен көрмей көңілге түймейтінін жақсы түйсінеміз. Алайда, айдаладағы айқай-жөкеңің «ойбайы» емесін, жартастағыдай жаңғырық шықпаса да еліміздің түкпір-түкпіріндегі үміт күткен дауыс екенін естір құлақ болса деген тілек бар. Әйтпесе, форумда айтылған жаңашылдық пен ноухауды өңір журналистикасы өз қарым-қабілетінше пайдаланып, қанат қағып келеді.

☞ РУХАНИ ҚАЗЫНА – 2025

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған дәстүрлі «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалі өз мәресіне жетті. Бұл фестиваль мәдениет және өнер саласында абыроймен қызмет істеп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеп, олардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған шара ретінде белгілі. Биылғы додада «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған үздік кітапхана қызметкері» номинациясы бойынша облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапхананың зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің қызметкері Рауан Нұрланов жеңімпаз атанды.



## ҮМІТІ АҚТАЛҒАН ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕР

– Бұл жсеңіс тек менің еңбегімнің емес, барша әріптестерімнің ортақ табысы. Біздің басты мақсатымыз – әрбір азаматтың кітапханаға еркін келіп, рухани байлыққа қол жеткізуіне жағдай жасау, – дейді ол.

«Рухани қазына – 2025» фестивалі еліміздің мәдениет қызметкерлерінің еңбегін бағалайтын, олардың шығармашылық әлеуетін көтеретін маңызды кәсіби алаң. Осындай жобалар арқылы қоғамда

мәдени инклюзия идеясы кеңінен насихатталып, рухани құндылықтардың жаңа қырлары ашылууда.

Гауһар ЫСҚАБАЙҚЫЗЫ, облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапхананың зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің меңгерушісі

Кітапхана саласында бірнеше жыл бойы табанды еңбек етіп келе жатқан Рауан Әуесбекұлы өз ісіне адал, жаңашыл мамандардың бірі. Ол ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған ақпараттық және мәдени қызмет түрлерін жаңаша форматта ұйымдастырып, инклюзивті мәдени ортаны дамытуға зор үлес қосып келеді. Оның бастамасымен кітапханада тифлокомментаторлық және сурдоаударма қызметтері енгізіліп, көру және есту қабілеті шектеулі оқырмандарға арналған арнайы оқыту бағдарламалары жүзеге асырылған. Бұған қоса, үздік қызметкердің жетекшілігімен «Кедергісіз болашақ» жобасы іске қосылып, сандық ресурстар мен аудиокітаптар қоры айтарлықтай толығып отыр. Бұл игі бастамалар ерекше жандардың рухани бай болуына жол ашып, білім мен мәдениет кеңістігіне тең құқылы араласуына мүмкіндік береді.





# ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР

Жетісу жұрты жылдағы дәстүрден жаңылмай арда азамат, қазақ журналистикасында өзіндік орны қалған қаламгер Бейсен Құранбекті еске алуға арналған республикалық футбол турнирін бесінші рет ұйымдастырды. Әр өңірден жиналған журналистер өзара мықтыны анықтап, бір күндік турнирді көпке дейін айтып жүрер басқосуға айналдырды.

Серік ҚАНТАЙ



Күз түсіп, қыс басталар тұста өтетін турнир биыл да облыс әкімдігінің қолдауымен, дене шынықтыру және спорт басқармасының қадағалауымен, түрлі демеушілердің күшімен ұйымдастырылды. Келген командалар жұлдісіз қайтпады. Топтан шықпай жарысты ерте аяқтаған ұжымның өзі арнайы сый-сияпат

алып, көңілі өсіп, мерейі тасыды.

Ашылу салтанатына арнайы қатысқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов Бейсен Құранбектің жұмысына қысқа-нұсқа тоқталып, оның есімі елі барда ұмытылмайтындығын айтты. Артынша жақындары, достары, әріптестері сөз алып, жарысты

ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Биылғы турнирге еліміздің әр өңірінен сегіз команда қатысып, екі топқа бөлініп, жеңімпазды анықтады. «А» тобынан «Атырау» мен «Шымкенттен» басым түскен «Қарекет» (Жетісу облысы) пен «Ақмешіт» (Қызылорда), ал «Б» тобынан «Алматы-

Медиа» (Алматы қаласы) мен «Өскеменнен» (Шығыс Қазақстан облысы) ұпайы жоғары болған «Бекспорт» (Астана қаласы) пен «Сетанта» (Алматы қаласы) жартылай финалда ойнады. Жартылай финалдағы екі ойын да негізгі уақытта тең аяқталып, пенальти сериясына ұласты. «Қарекет» «Сетантамен» болған «лотереяда» жаңылса, «Ақмешіт» «Бекспортпен» болған тартысты пенальти сериясында сүрінді. Үшінші орын үшін болған кездесуде «Ақмешіт» «Қарекетті» ұтты, ал финалда «Сетанта» «Бекспортты» жеңді.

Құрылғанына көп болмаған, жарыстың дәмін енді татып жүрген «Сетантаның» бұл алғашқы тұғыр төріне көтерілуі. Оларға ұйымдастырушылар тарапынан миллион теңге берілді. Екінші орын алған «Бекспорт» командасы 700 мың теңге алса, үшінші орынға ие болған «Ақмешіт» 500 мың теңге және төрттік түйіндеген «Қарекет» 200 мың теңгенің сертификатын иеленді. Одан бөлек, ойын өрнегімен көзге түсіп, үздік шыққандар арнайы номинацияларға ие болды.

— Біз алғаш рет турнирде чемпион болып отырмыз. Қуаныштымыз. Бұл тек бастамасы болсын. Ал жарыс жоғары деңгейде өтті. Талай әріптесімізді көріп, мәре-сәре болып жатырмыз. Барлығы Бейсен ағадан алыс адамдар емес, сондықтан да бұл турнир ыстық, — дейді «Сетанта» командасының ойыншысы, белгілі комментатор Руслан Бақытжан.

Биылғы турнирдің жөні бөлек. Себебі, эфирге шығып жүрген, материалдары газеттен, сайттан түспейтін, шығармашылықпен айналысатын қызметкерлер ғана қатысты. Алаңда 40 жастан асқан бір ойыншының жүруі міндеттелді. Тек қақпашы ғана техникалық жағына жауапты жандардан жасакталуына рұқсат берілді. Ұйымдастырушылар келер жылы да ерекше форматта өткізуді жоспарлап отыр.

## ВОЛЕЙБОЛ

### Ептілікке баулиды

Бұқаралық спорт — байрақты бәсекеде ел абыройын басқақтатар сиқырлы өнердің іргетасы. Спорттың қай түрі болмасын адам денсаулығының жетілуіне, рухани дамуына ықпал етері сөзсіз. Сондықтан оқушыларды саламатты өмір салтын ұстануға үйрету міндетіміз болғандықтан ептілікке, шатишаңдыққа, икемділікке баулитын спорт түрін көп ойнатуға тырысамыз.

Спорт ойындарының ең кең тараған түрі — волейбол. Бұл спорттың адам баласына берер пайдасы өте көп. Әртүрлі қимылдарды түрлі қарқында, жылдамдықпен орындаудың арқасында волейбол адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастырады.

Допты дұрыс қабылдау, соғу, қорғану секілді әр бөлімін жеке-жеке түсіндіріп, тез меңгеруі үшін барымды саламын. Еліміздің намысын қорғайтын әуе добының майталмандары, тіпті, әлемнің волейбол жұлдыздары да мектептен тәлім алды емес пе?! Алғашқы баспалдағы мектеп болды. Сондықтан, оқушылардың волейболға деген қызығушылығын арттыру, саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жиі жарыстар ұйымдастырып тұрамыз. Кіл мықты волейбол ойнайтын оқушыларды іріктеп, қаламыздағы мектеп арасында өтетін додаларға қатыстырамыз. Мектепішілік сайыстарды тұрақты түрде өткіземіз.

Иә, бұқаралық спорт — ұлт денсаулығының кепілі. Сондықтан, осы спорт түрі елімізге ауадай қажет. Жастар спортты жанына серік етіп өссе, ел ертеңі жарқын болмақ.

Дәурен ҚАСЫМОВ,  
М. Горький атындағы орта мектептің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі

→ Қаратал ауданы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» ЖШС ҚР Экологиялық кодекстің 96-бабының 1-тармағының талабына сәйкес 2025 жылғы 1-5 желтоқсан аралығында Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Жетісу облысы Кербұлақ ауданындағы Көксай кен орнын сыртқы газбен камту» жобалық-сметалық құжаттамасына қатысты жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания», в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 1 по 5 декабря 2025 года на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к проектно-сметной документации «Внешнее газоснабжение месторождения Коксай в Кербулакском районе области Жетісу».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов.

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>

ҚР ҰҚК Жетісу облыстық департаментінің Ардагерлер кеңесі осы департаменттің ардагері, толыстағы полковник Кеңес Әділжанұлы Бабаевқа зайыбы  
Инзиля Амурханқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы Талдықорған қаласындағы №4 ясли-бақшасының меңгерушісі  
Перизат Мұсағалиқызы Қадырованың қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

## АЙТАР МЕЗЕТ

# ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ ҚАЙДА БАРАДЫ?



Соңғы күндері әлеуметтік желілерде Қызылорда, Тараз және Түркістан қалаларында «жаңа орыс мектептері ашылды» деген ақпарат желдей есіп жүр. Ақпараттың рас-өтірігі әлі нақтыланбағанымен қоғамдағы алаңдаушылықтың күшейгені анық. Себебі бұл мәселе жай ғана мектеп ашудан бөлек, тіліміздің болашағына, ұрпақтың рухани келбетіне тікелей әсер ететін түйткіл.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ

Өкінішке қарай, соңғы жылдары қазақ мектептерінің өзінде қазақ баласының тілдік деңгейі төмендеп бара жатқаны жиі айтылады. Жыр-термені жатқа айтқаны былай тұрсын, екі сөйлемді байланыстыра алмайтын сөздік қоры жұтқан балалар көбейіп келеді.

Мұның себебі біреу емес: оқулықтағы олқылықтар, кадр тапшылығы, тілдік ортаның әлсіздігі, ата-ананың да, мектептің де жауапкершілігінің арасында кеткен бала. Осындай жағдайда орыс мектебін көбейтсек, қазақ тілінің тағдыры не болмақ?!

Ресми дерек бойынша, елімізде орыс тілінде білім беретін 1121 мектеп бар. Бұл, әрине, аз сан емес. Бұған аралас мектептерді қосыңыз. Қазақ тілін толық игермей жүрген балалардың басым бөлігі дәл осы ортадан шығып жатқаны жасырын емес. Енді осыған тағы үш қалада жаңа орыс мектебі қосылса, балаларымыздың өз тілінде сауат ашуына мүмкіндік одан әрі тарылмай ма?!

Қоғамда бір түсінік бар: «Орыс мектебі мықты, қазақ мектебі әлсіз» деген. Әлбетте, бұл тамырын теренге жіберген қате көзқарас. Иә, кей өңірде қазақ мектебінің сапасы төмен болуы мүмкін. Бірақ бір мектептің әлсіздігі үшін бүкіл ұлт тілін құрбан етуге бола ма? Егер ата-аналар баласын орыс мектебіне берсе, тілдік орта біртіндеп өзгереді. Бала күнделікті қарым-қатынасын да, ойлау жүйесін де басқа тілмен қалыптастырады. Сөйтіп, қазақ тілі тек пәнге, тек мерекелердегі ұранға ғана айналуы мүмкін.

Мәселе, орыс мектебінің көптігінде емес, қазақ мектебінің бәсекеге қабілетті болмауында. Қазақ мектебінің мұғалімі мықты әрі әдістемесі заманға сай болса, ғылымға жол ашылса ата-ана ешқашан баласын басқа тілге қарай бұрмас еді.

Себебі, әр ата-ана баласына ең жақсыны қалайды. Ал ең жақсыны өз тілімізден таба алмай отырғанымыз өкінішті. Теледидарында, жарнамасында, бизнесінде, ғылымында қазақ тілін қолданбаған қоғамда мектеп қанша қазақша оқытса да түбінде бала өзіне ыңғайлы тілді таңдайды. Біз қазақ тілін әлеуметтік өмірдің негізгі тіліне айналдырмай, қанша мектеп ашып-жапсақ та нәтиже шықпайды.

Қазақ тілінің болашағы бүкіл ұлттың санасында. Қазақ мектебі мықты болса, қазақ тілінің де тағдыры мықты. Орыс мектебінің ашылуына дүрлігуден бұрын өз мектебімізді көтерейік. Өз тілімізге өзіміз ие болмасақ, өзгеден күн іздеудің мәні жоқ.



Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы — Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.  
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1172  
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 10 170, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6070. Индексі — 65469.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

#### Меншік иесі:

ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

#### Басшы:

Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау

бөлмесі: 40-20-71

#### Бас редактор:

Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

#### Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер:

Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ